

Ар намысты, қадір-қасиетті және іскерлік бедел

Бүгінгі күні сөз бостандығы жария етілген заманда адам өз ойын еркін білдіре алады. Бұқаралық ақпарат құралдары, Интернет желісі белсенді дамып тұрған кезде азаматтардың ар-намысы және қадір-қасиетіне, ұйымдардың іскерлік беделіне қысым жасалу қаупі бар. **Ар-намыс** дегеніміз азаматқа оның моральдік, іскерлік, отбасылық және өзге де қасиеттерінің негізінде қоғам тарапынан баға беру. Тұлғаның беделі және абыройы, сондай-ақ, күнделікті қолданылатын жақсы ат ұғымдарының мәні бір біріне ұқсас. **Қадір-қасиет** дегеніміз — адамның өз құндылығын, өз қасиеттері мен қабілеттерін сезіну, яғни тұлғаның өзін-өзі бағалауы. Алайда егер де ар-намыс пен қадір-қасиет тек азаматқа қатысты ғана қолданылатын болса, **іскерлік бедел** термині азаматқа да, заңды тұлғаға қатысты да қолданылады.



Азаматтық кодекстің 143-бабында егер азаматтың немесе заңды тұлғаның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтарды таратқан адам олар шындыққа сәйкес келетіндігін дәлелдей алмаса өзі жөнінде осындай **мағлұматтар тараған адам таратылған мағлұматтарды сот жүзінде шындыққа сай келмейді деп тануды талап етуге құқылы екендігі туралы айтылған.**

Жеке тұлғаның не ұйымның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне озбырлану орын алғандығы туралы деген қорытынды жасауға мүмкіндік беретін бірнеше жағдайлар көзделген

Атап айтсақ, аталған құқық бұзушылықтың орын алуы үшін тұлғаны масқаралайтын мәліметтердің таратылуы шарт. Олар ауызша да, жазбаша да таратылуы мүмкін. Осындайда олар арызданушының өзіне емес, үшінші тұлғаға айтылуы тиіс. «Сот тәжірибесінде жеке тұлғалардың және заңды тұлғалардың ар-намысы мен абыройын және іскерлік беделділігін қорғау жөніндегі заңдылықты қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы № 6 нормативтік қаулысында (онан әрі - Нормативтік қаулы) азаматтардың және ұйымдардың ар-намысына және абыройына кір келтіретін мәліметтердің баспа жүзінде жариялануы, радиомен, теледидардан, жалпы басқа да бұқаралық құралдарды пайдалану арқылы хабарлануы, қызметтік және басқа да мінездемелерде, көпшілік алдындағы сөз сөйлеулерде, әртүрлі ұйымдарға жолданған арыздарда, хаттарда көрсетілу немесе өзге, соның ішінде ауызша түрде бірнеше тұлғаларға немесе бір тұлғаға болсын хабарлануы азаматтардың және ұйымдардың ар-намысына және абыройына кір келтіретін мәлімет терді тарату деп танылатындығы туралы айтылған

Қорғаудың арнайы нысандары дегеніміз - мәліметтерді теріске шығару немесе жауап қайтару -осындай мәліметтердің таратылуына жол берген тұлғалардың кінәсінің бар немесе жоқтығына байланыссыз қолданылады. Ар-намысты, абыройды немесе іскерлік беделдікті қорғау үшін қорғаудың арнайы әдістермен қоса жалпы әдістерін де пайдалану мүмкіндігін растайды. Осындайда кеңінен таралған әдістер туралы айтылған, олар: залалдарды өтеу және моральді зиян үшін өтемақы төлеу. Ар-намысты, абыройды немесе іскерлік беделдікті бұзу нәтижесінде туындаған мүліктік және мүліктік емес зиян келтіруден туындайтын міндеттемелерді реттейтін нормаларына сәйкес өтелуі тиіс. Осы нормаларға сәйкес мүліктік зиян (шығындар) мәліметтер кінәлі түрде таратылған кезде ғана өтеледі. Ал моральдік зиян кінә орын алғандығына не болмағандығына байланыссыз өтелуі тиіс.



143-бап. Ар-намысты, қадір-қасиетті және іскерлік беделді қорғау

1. Азамат өзінің ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді сот тәртібімен теріске шығаруды талап етуге құқылы.
2. Егер азаматтың немесе заңды тұлғаның ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылған болса, олар сол бұқаралық ақпарат құралдарында тегін теріске шығарылуға тиіс. Егер аталған мағлұматтар ұйымнан шыққан құжатта болса, бұл құжаттағы мағлұматтардың шындыққа сай келмейтіндігі туралы тиісті адамға міндетті түрде хабарлана отырып, мұндай құжат алмастырылуға немесе кері сұратып алынуға тиіс. Өзге реттерде теріске шығару тәртібін сот белгілейді.
3. Бұқаралық ақпарат құралдары азаматқа немесе заңды тұлғаға қатысты олардың құқықтарына немесе заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін мағлұматтар жарияласа, олар сол бұқаралық ақпарат құралдарында өз жауаптарын тегін жариялауға құқылы.
4. Бұқаралық ақпарат құралдарында теріске шығаруды не жауапты жариялау туралы азаматтың немесе заңды тұлғаның талабы, егер бұқаралық ақпарат органы мұндай жарияланымнан бас тартса не бір айдың ішінде жарияланым жасамаса, сондай-ақ ол таратылған ретте, сотта қаралады.

5. Егер соттың шешімі орындалмаса, сот тәртіп бұзушыға бюджеттің кірісіне өндіріліп алынатын айыппұл салуға құқылы. Айыппұл азаматтық іс жүргізу заңдарында белгіленген тәртіп пен мөлшерде салынады. Айыппұл төлеу тәртіп бұзушыны сот шешімінде көзделген әрекетті орындау міндетінен босатпайды.

6. Азаматқа қатысты оның ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтар таратылған болса, ол мұндай мағлұматтарды теріске шығарумен бірге олардың таратылуынан өзіне келтірілген залалдың және моральдық зиянның орнын толтыруды талап етуге құқылы.

Моральдық зиянды өтеу туралы талапты қоспағанда, осы баптың азаматтың іскерлік беделін қорғау туралы қағидалары тиісінше заңды тұлғаның іскерлік беделін қорғауға да қолданылады. Заңды тұлғаның іскерлік беделін қорғауға осы Кодексте белгіленген тәртіппен залалдың орнын толтыру туралы қағидалар қолданылады.

7. Егер азаматтың немесе заңды тұлғаның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтарды таратушыны анықтау мүмкін болмаса, өзі жөнінде осындай мағлұматтар тараған адам таратылған мағлұматтарды шындыққа сай келмейді деп тану туралы сотқа жолдануға құқылы.